

«Сарат мектеп-бобекжай-балабақша кешені» КММ

Сыныптан тыс іс-шара

Нашақорлық – қатердің белгісі

Откізген: 11 клас жетекшісі

2024-2025 жыл

Бекітемін: *Нұрғазыл*
МДТІЖО Р.М.Жаңабаев

Күні: 24.10.2024

Такырыбы: Нашақорлық – қатердің белгісі

Мақсаты: Жас желектей жайқалып осіп келе жатқан жас жеткіншектеріміздің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болу жактарын мысалдармен дәлелден түсіндіру. Салауатты өмір салтына тәрбиелу.

Түрі: жарыс сабак.

Қурал - жабдықтар: плакаттар, суреттер, жемістер, стикер, видеоролик, слайдтар.

Мұғалім сөзі:

Армысыздар құрметті ұстаздар және оқушылар! Бұған сіздерге 8 «А» сынып оқушыларының «Нашақорлық – шын қорлық» атты ашық тәрбие сағатымызды ұсынып отырымыз.

Елбасының «Қазақстан - 2030» жолдауында көрсетілген өзекті мәселелердің бірі салауатты өмір сұру, оны насиҳаттау мәселесі. Салауатты өмір салты дегеніміз не? Ол әлеуметтік тұрмыстарды жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу деген сөз. Қазіргі кезде етек алған заманымыздың келесі дерпттері шылым шегу, нашақорлық. Өмір - өмір сұру үшін беріледі. Сондықтан да жат қылыштардан аулак болуга тәрбиелу және салауатты өмір салтын насиҳаттау.

Грек тілінде «ұйқы» мағынасын білдіретін «narke» сөзі ағылшын тілінде «narkotik» деген сөзге айналып, үйყытату, жансыздандыру, сезімсіздендіру деген мағынаны береді.

I. Ой қозғау. «Тәні саудың – жаңы сау» (сұрапқ — жауап).

1. Шылымың зияны тиетін мүше? (Әкпе)
2. Салауатты өмір салты деген не? (Салауатты өмір салты – спортпен шұғылдану, күн тәртібін сақтау, жеке бас гигиенасын сақтау, он эмоциялардың көп болуы, маскунемдіктен, нашақорлықтан, шылым шегуден аулақ болу)
3. Адамға ең қымбат. Ол не? (Денсаулық)
4. Денсаулықка зиянын тигізетін қандай факторларды білесіндер? (Шылым шегу, ішімдік ішу, нашақорлық, аз қозгалу, жеке бас тазалығын сақтамау)
5. Құрамында этил спирті бар. Ол не? (Ішімдік)
6. Гигиена деген не? (Грек тілінен аударғанда «денсаулық әкелуші» деген мағына береді)
7. Темекіден туындайтын ауруларды ата? (колқа демікпесі, өкпе ауруы).

II. Бейнефильм «Ұрпақ шежіресі»

Өмірге адам бір - ақ рет келеді,
Жастық шағың өмірінің кемелі.
Күте білсең саулығынды өрелі,
Табиғаттың бергеннен көп берері. Әр топ өздерінің тобының аттары мен ұрандарын айтады.

- 1 - топ аты. Өз өміріміз үшін құрсесе білейік! Ұраны: Шынықсан шымыр боларсын.
- 2 - топ аты. Салауатты өмір салтын қолдаймыз! Ұраны: Нашақорлыққа жол жоқ.
- 3 – топ аты. Өмірімізді ұзарту да, қысқарту да өз қолымызды! Ұран: Талпынған жетер – мұратқа.

III. Жеке жұмыс:

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жириң» деп ата - бабаларымыз айтып кеткендей, әр топқа атадан қалған асыл сөздер мен мақал - мәтелдер беремін, жалғасын табады. 1 – топ.

1. Денсаулық – зор байлық.

2. Анын батпаналяп кіріп

Мысқылдан шыгады.
3. Жан ауырса тән азады.
4. Тәні саудың – жаны сау.
5. Тәуіптің жақсысы – ауруға ауру қослағаны.
6. Бас аманда мал тәтті.
Бас ауырса, жан тәтті.

1. Ауруын жасырған өледі.
2. Сырқат – тән жарасы.
Қайғы – жан жарасы.
3. Денің сау болса,
Жарлымын деме.
Жолдасың көп болса,
Жалғызынын деме.
4. Тазалық – саулық негізі,
Саулық – байлық негізі.
5. Ауырып ем іздегенише,
Ауырмайтын жол ізде.
6. Емнің алды – еңбек.

1. Аурудың жақсысы жок,
Дәрінің тәттісі жок
2. Өмірімізді ұзарту да қысқарту да өз қолымызда.
3. Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.
4. Салауатты өмір, көнілді көніл.
5. Аракқа жолама, жетелейді молага.
6. Шыныңсаң шымыр боларсың.

IV. «Біз болашақ салауатты, тәрбиелі білімді жас үрпақпыш!»
“Темекі” сөзінің бас әріптеріне мақал — мәтел немесе қанатты сөз жазу.
Т — тазалық денсаулық кепілі.
Е — екі ауру бір келсе ажалыңың жеткені.
М — маскүнем арақтан өледі.
Е — ескерменеген ауру жаман.
К — күлкі денсаулық кепілі.
І — ішің ауырса аузыңды тый.